

**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 11)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Ноутбук	Негізгі сипаттамалары Процессор: кемінде Intel® Core™ i9-14900HX Жедел жад (RAM): 32 ГБ кем емес Бейнекарта: NVIDIA GeForce RTX 4090, 16 ГБ кем емес Жинақтаушы құрылғы (жад): SSD, 1 ТБ кем емес Операциялық жүйе: Орнатылған (Windows 10 / Windows 11) Экран диагоналі: 16 дюйм кем емес Дисплей Ажыратымдылығы: 2560 × 1600 кем емес Жаңарту жиілігі: 240 Гц кем емес Матрица түрі: IPS Экран беті: Күн сәулесін шағылыстырмайтын (антибликовое) Процессор Базалық жиілік: 1,6 ГГц кем емес Максималды жиілік: 4,1 ГГц кем емес Ядро саны: 24 кем емес Бейнекарта (GPU) Түрі: Дискретті Өндіруші: NVIDIA Порттар мен интерфейстер Кемінде: 2 × USB-A (USB 3.2 Gen 1) 1 × USB-A (USB 3.2 Gen 1) 1 × USB-C (USB 3.2 Gen 2, DisplayPort™ 1.4 қолдауы бар) 1 × USB-C (USB 3.2 Gen 2, DisplayPort™ 1.4 қолдауы бар) 1 × HDMI® 2.1 1 × Комбо-аудио ұясы (микрофон/құлаққап, 3.5 мм) 1 × Ethernet (RJ-45) 1 × Картридер 1 × Қуат қосқышы Сымсыз байланыс Wi-Fi® 6E (11ax 2x2) Bluetooth® 5.3 Пернетақта Тілдік орналасуы: Ағылшын / Орыс Қуат көзі Батарея сыйымдылығы: 99,9 Вт·сағ Шамамен жұмыс уақыты: 8 сағатқа дейін Қосымша ақпарат Жедел жад ұяшықтарының саны: 2 кем емес Қорап құрамында: Қуат сымдары, аккумулятор Өлшемдері мен салмағы Өлшемдері: 363,5 × 262,1 × 21,95 мм артық емес Салмағы: 2,62 кг артық емес	2
	Барлығы		2



ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жана, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнында медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеу туралы тіркеу куәлігінің болуы. Қазақстан Республикасында өндіруші сертификатталған сервистік инженерлері бар сервис орталығының болуы.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 100 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

- **Жеткізу мерзімі: 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін**

